

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Сорбонна-Қазақстан институтының
директоры
Г.Б.Нурлихша
«02» _____ 2018 ж.



«6D050600-Экономика» мамандығы бойынша
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

«6D050600-Экономика» мамандығы бойынша докторанттар үшін (бағдарлы бағытталған)
түсу емтихан бағдарламасы

Құрастырғандар: э.ғ.к., доцент Азбергенова Р.Б., э.ғ.к. Канабекова М.А.

(қолы)

Абай атындағы ҚазҰПУ, СҚИ «Экономикалық мамандықтар» кафедрасының мәжілісінде
талқыланды «__» _____ 2018 ж. Хаттама № ____

Кафедра меңгерушісі: э.ғ.д., профессор Иманбердиев Б.Д. _____

Бағдарлама Абай атындағы ҚазҰПУ, СҚИ Ғылыми Кеңесінде мақұлданды
«_____» _____ 2018 ж., Хаттама № ____

**"6D050600-Экономика" мамандығының докторантураға түсуге арналған
емтихан бағдарламасы**

«Фирманың экономикалық қауіпсіздігі» ПӘНІ

1. ТАҚЫРЫП. «Фирманың экономикалық қауіпсіздігі» курсының пәні, әдістері мен міндеттері.

Экономикалық қауіпсіздіктің

және қауіпсіздіктің пайда болуы мен дамуының объективті негіздері. Экономикалық қауіпсіздіктің әлеуметтік-экономикалық мазмұны мен ерекшеліктері. «Фирманың экономикалық қауіпсіздігі» курсының пәні, әдістері мен міндеттері. Курстың мазмұны және оның басқа пәндермен байланысы.

2. ТАҚЫРЫП. Экономикалық қауіпсіздіктің мәні мен принциптері

Экономикалық қауіпсіздік және қауіпсіздік түсінігі мен мәні. Экономикалық қауіпсіздіктің мақсаты мен міндеттері. Экономикалық қауіпсіздік түрлері мен принциптері. Экономикалық қауіпсіздіктің қалыптасуы мен дамуы.

3. ТАҚЫРЫП. Экономикалық қауіпсіздіктің қызмет етуі мен дамуының негіздері

Экономикалық қауіпсіздік жүйесінің субъектілері мен объектілері. Экономикалық қауіпсіздік субъектілері мен объектілерінің жіктелуі. Мүдделер мен экономикалық басымдықтар. Қауіп-қатер: ішкі және сыртқы. Экономикалық қауіпсіздік қауіп-қатерлерінің жіктелуі.

4. ТАҚЫРЫП. Экономикалық қауіпсіздік индикаторлары мен көрсеткіштері.

Экономикалық қауіпсіздіктің шекті мәндерін анықтайтын көрсеткіштер, критерилер мен индикаторлардың түрлері. Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерінің жүйесі мен олардың жіктелуі. Экономикалық қауіпсіздіктің шекті мәндері мен деңгейі

5. ТАҚЫРЫП. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдері

Экономикалық қауіпсіздікке әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, табиғи-экологиялық және коммерциялық факторлар және олардың жіктелуі. Өнімнің ұдайы өндірісінің механизмдері. Экономикалық қауіпсіздікті орнату мен (реттеудің экономикалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және саяси механизмдері. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру түрлері мен нысандарын жетілдіру.

6. ТАҚЫРЫП. Фирманың қауіпсіздік техникo-технологиялық негіздері

Қауіпсіздік және тұрақтылық. Экономиканың нақты секторының ұдайы өндірісінің техникo-технологиялық ресурстары. Фирмалар мен экономиканың нақты секторының техникo-технологиялық ресурстарын қамтасыз ету және пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері.

7. ТАҚЫРЫП. Экономикалық мүдделерді және коммерциялық құпияны қорғау

Мүдделер және экономикалық қауіпсіздік. Мүдделер түрлері, жүйесі мен жіктелуі. Фирмалардың экономикалық мүдделері. Мүдделерді есепке алу және талдау көрсеткіштері. Коммерциялық құпия.

8. ТАҚЫРЫП. Фирма қауіпсіздігінің инновациялық-инвестициялық механизмдері.

Инвестициялық-инновациялық даму және экономикалық қауіпсіздік. Инвестициялық қауіпсіздік экономикалық қауіпсіздіктің кіші жүйесі ретінде. Инновациялық-инвестициялық қызмет көрсеткіштері және олардың экономикалық қауіпсіздікке әсері. Инновациялық, инвестициялық және экономикалық қауіпсіздік индикаторлары және оларды анықтау әдістемесі. Экономиканың нақты секторы инновациялық-инвестициялық дамуы негізінде экономикалық қауіпсіздікті арттыру мәселесі.

9. ТАҚЫРЫП. Экономикалық қауіпсіздіктің ұйымдастырушылық-ақпараттық аспектісі.

Фирманың қауіпсіздік жүйесінің ұйымдастырушылық-техникалық құрылымы. Фирманың жұмысы мен қорғау кестесі. Ақпараттық қауіпсіздік. Ақпараттың шығып кетуінің сыртқы және ішкі факторлары және ақпараттық қауіпсіздік. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

10. ТАҚЫРЫП. Фирманы дағдарысқа қарсы басқару бойынша стратегияны қалыптастыру

Дағдарыстық жағдайындағы негізгі факторлар және оларды бағалау. Фирманы дағдарыс жағдайында басқару бойынша стратегияны әзірлеу және мақсаттарды қалыптастыру.

11. ТАҚЫРЫП. Экономикалық қауіпсіздікті қолдаудың мемлекеттік механизмдері.

Экономикалық қауіпсіздікті нормативті-құқықтық қамтамасыз ету. Тұрақты экономикалық даму және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік механизмдері. Фирмалардың экономикалық қауіпсіздігін мемлекеттік қолдау және реттеудің шетелдік тәжірибесі.

12. ТАҚЫРЫП. Фирманың экономикалық қауіпсіздігін бағалау.

Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерін сараптау және талдау. Экономиканың нақты секторы мен фирмалардың экономикалық қауіпсіздігін бағалау әдістемесі. Экономиканың нақты секторы мен фирмалардың экономикалық қауіпсіздігінің нәтижелі индикаторлар деңгейіне өндіріс және қауіпсіздік факторларының әсерін анықтау.

«ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА: ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ МЕН БОЛЖАУ» ПӘНІ

1-тақырып. Қазақстан экономикасының ұлттық үлгісінің ерекшеліктері.

Табиғи факторлардың тұрақтылығы мен олардың экономикалық мағынасы. Қазақстан экономикасының салалық құрылымы. Қазақстан экономикасының ұлттық үлгісінің әлеуметтік-мәдени факторлары.

2-тақырып. Өтпелі экономика және Қазақстан экономикасының ұлттық үлгісінің қалыптасуы.

Өтпелі экономиканың мазмұны және әртүрлілігі. Кеңестік экономикалық жүйенің қайшылықтары мен негізгі кескіні. Нарықтық өзгертулердің негізгі бағыттары. Қазақстанның өтпелі экономикасының ерекшеліктері.

3-тақырып. Меншік және оның өзгертулері.

Меншік формаларындағы өзгерістердің экономикалық критерийлері. Қазақстан экономикасындағы меншік өзгерістерінің ерекшеліктері. Қазақстандық жекешелендірудің формалары, кезеңдері және қорытындысы.

4-тақырып. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі: бағалау критерийлері және жоғарлату жолдары.

Глобалды экономика жүйесінде Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің ұлттық концепциялары. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің бағалау критерийлері: лайықтылығы мен жетіспеушілігі. Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату жолдары.

5-тақырып. Қазақстан экономикасының инновациялық дамуы.

Ұлттық инновациялық жүйенің ұғымы. Ұлттық инновациялық жүйенің құрылымы. Мемлекет саясатының инновациялық қызметтегі негізгі бағыттары. Интеллектуальдық меншіктің құқықтарын қорғау мен қолданылуы.

6-тақырып. 2007 жылдағы дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарысының Қазақстан экономикасына әсері.

2006 жылдағы Американдық ипотекалық дағдарыс және оның әлемдік дағдарысқа айналуы. Әлемдік дағдарыстың ұлттық экономикаға әсері. 2006 -2015 жж. Қазақстан экономикасының жағдайы. Дағдарыстың сабақтары.

7-тақырып. Қазақстан экономикасының экономикалық дамуының бүгінгі тенденциялары.

Дағдарыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстанның экономикалық саясаты. Елдің ұйымдастырылған индустриальды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы. Ұйымдастырылған индустриальды-инновациялық дамуды орындаудың негізгі бағыттары.

8-тақырып. Жаһандану және халықаралық аймақтық экономикалық бірігу.

Жаһандану ұғымы. Халықаралық аймақтық экономикалық бірігу, оның формасы және кезеңдері. Қазіргі әлемдегі негізгі халықаралық біріккен топтар. Тәуелсіз мемлекеттердің достастығы. ЕурАзЭтің дамуы.

9-тақырып. Төлем балансы және Қазақстанның сыртқыэкономикалық қызметі.

Төлем балансының макроэкономикалық және аналитикалық рөлі. Қазақстанның төлем балансының құрылымы. Қазақстанның төлем балансының өзгерісінің тенденциялары.

10-тақырып. Ұлттық экономика. Әлемдік шаруашылықтағы Қазақстан.

Әлемдік экономикадағы елдердің рейтингісі мен бағалаудың көрсеткіштері. Халықаралық салыстырулардағы қазіргі бағдарламалар. Ұлттық бәсекеге қабілеттілік. Қазақстан экономикасының әлсіздіктері мен салыстырмалы артықшылықтары.

«КӘСІПКЕРЛІК ТЕОРИЯСЫ» - ПӘНІ

1 тақырып. Басқару ғылымының пәні, әдістері және міндеттері. Кәсіпкерлік және бизнес анықтамасы

Кәсіпкерлік категориясының экономикалық анықтамасы. Кәсіпкерліктің пайда болу тарихы мен негізі. Ж.Б. Сей, А. Смит, Д. Рикардо, Дж. Б. Кларк, Иозеф Шумпетер, Ф.А. Хайек, А. Маршаллдың жұмыстарындағы кәсіпкерлікті зерттеу бастамалары. Кәсіпкерліктің субъектілері мен объектілері. Қазіргі заманғы кәсіпкерліктің негізгі белгілері. Кәсіпкерлік қызметтің дамуы үшін қажетті негізгі экономикалық, әлеуметтік және құқықтық шарттар. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің қажеттілігі. Қазақстанда кәсіпкерліктің пайда болуы мен дамуы. Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметті реттейтін негізгі заңдар.

2 тақырып. Кәсіпкерліктің түрлері мен ұйымдастырушылық-экономикалық формалары

Кәсіпкерліктің түрлері: өндірістік, коммерциялық, қаржылық, кеңестік. Кәсіпкерліктің негізгі ұйымдастырушылық-экономикалық формалары: концерндер, ассоциациялар, консорциумдар, синдикаттар, картельдер, тресттер, қаржылық-энергетикалық топтар.

3 тақырып. Кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-экономикалық формалары

Кәсіпкерліктің түрлері: корпоративтік, жеке. Жеке кәсіпкерліктің артықшылықтары мен кемшіліктері. 1997 жылдың 19 маусымының №135-1 «Акционерлік қоғам туралы» «Жеке кәсіпкерлік» туралы ҚР заңы. Шаруашылық қызмет формалары туралы азаматтық кодекс. Шаруашылық серіктестіктердің негізгі түрлерінің сипаттамасы: толық серіктестік, коммандиттік серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік, акционерлік қоғам, еншілес және тәуелді шаруашылық серіктестіктер.

4 тақырып. Банкроттық және кәсіпорынның өтімділігі

«Жағдайы нашар», «банкроттық», «санация» түсініктері. Конкурстық, кепілдік және артықшылығы бар несиелер берушілер. Соттық тәртіпте банкроттық туралы істі қарастыру. Реабилитациялық үрдістерді қолдану. Қарыз алушы мен несиелер беруші арасындағы әлемдік келісім (пролонгация, компромистік келісім, екі жақты келісім нәтижесі ретінде өткізу). Жағдайы нашар қарыз алушының өткізуі. Заңды тұлғаның тіркеуден өткізуі. 1997 жылдың 21 қаңтарындағы «банкроттық туралы» ҚР заңы.

5 тақырып. Кәсіпорынды қаржылық қамтамасыз ету

Кәсіпорынды қаржыландыру көздері. Кәсіпорынның жеке қаржылық қаражаттары. Қарызға алынған қаражаттар. Банктік несиелер түрлері. Банктік емес несиелік ұйымдар. өзара қорлар. Несиелік операцияларды сақтандыру. Банктік несиелерді алу үшін қажетті құжатнама. Кәсіпкерлер үшін банктік қызметтер түрлері. ҚР несиелік нарығының жағдайы.

6 тақырып. Кәсіпорын және несиелік нарықтар

Қор нарығының жай капитал ағымындағы ролі. Алғашқы қор нарығы. Акцияларды шығару және тарату: акцияларды жаңа шығарылымын дайындау, акциялардың жаңа шығарылымын сату. Екінші ретті қор нарығы: акцияларды сатып алу-сату. Қор нарығындағы операциялар, биржадан тыс нарық түсінігі. Биржадан тыс айналымдағы бағалы қағаздар түрлері. Венчурлық капитал құралдарын қолдану. ҚР қор нарығының жағдайы. Инвестициялық портфель түсінігі. Портфельдік әдіс мазмұны. Портфель және тәуекел. Инвестициялық портфель табыстылығының тәуекелінің өзара байланысы. В-коэффициент түсінігі. Бағалы қағаздар портфелін басқару, активті немесе пассивті.

7 тақырып. Бизнес -жоспар

Коммерциялық қызметті ұйымдастыру кезіндегі бизнес-жоспарды өңдеудің қажеттілігі. бизнес-жоспар болашақ кәсіпорынның барлық негізгі аспектілерін сипаттайтын перспективті құжат. бизнес-жоспар арқылы шешілетін міндеттер. Болашақ өңдеу нарығының дамуының сыйымдылығы мен перспективаларын оқу; өнімді дайындау мен өңдеуге қажетті шығындарды бағалау; мүмкін болатын тәуекел мен жоғалтуларды шығару; кәсіпорынның даму перспективаларын анықтайтын көрсеткіштерді анықтау.